«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
___________ А.Ж.Усманова

«КЕЛІСІЛДІ»
балабақша әдіскері
___________ А.Ш.Машекенова

**«Х.Капанов атындағы Орал Халықаралық гимназия» балабақшасы**

2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
бағдарламасның мазмұнын іске асыруда ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
«Дарын» мектепалды тобы (5-6 жас)

**Тәрбиелеу-білім  беру процесінің циклограммасы**
**Мектепке дейінгі ұйымы: Х.Капанов атындағы ОХГ балабақшасы**
**Топ: «Дарын» мектепалды тобы**
**Жас ерекшелігі: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 20.04-24.04.2026 ж**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 20.04.2026ж** | **Сейсенбі 21.04.2026ж** | **Сәрсенбі 22.04.2026ж** | **Бейсенбі 23.04.2026ж** | **Жұма 24.04.2026ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Дәйек сөз: «Білім мен кәсіп-табыстың қос қанаты»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңілмен, денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау | «Нейро» жаттығу. Бала топқа тәрбиешімен бірге музыка әуенімен ойын-жаттығуды жасап жақсы көңіл күймен топқа кіреді | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | Күн сайын балаңызға мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз. Оған әлемде мейірімді адамдардың көп екендігін түсіндіру | Достарына, жақындарына мейірімділік таныту керектігін айту |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>«Қалдықтардан қала тұрғыз».<br>Шарты: Әр бала (немесе топпен) қалдық материалдарды пайдалана отырып,қала макетін құрастырады.<br>**Құрастыру** | **Еркін ойын:**<br>«Жануарлар әлемі» Әр бала қалдық материалдарды пайдалана отырып, өзінің ойдан шығарған жануарын құрастырады. (Мысалы: арыстан, қоян, түйе, динозавр<br>**Құрастыру** | **«Көлік құрастыр!»**<br>Шарты: Қалдық материалдарды пайдалана отырып,көлік түрін (көлік, автобус, тікұшақ, ракета, т.б.) өз қиялымен құрастыру.<br>**Құрастыру** | **«Құстың ұясы»**<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға суретті көрсетеді.Орманда кішкентай құс балапанын жоғалтып алыпты.<br>Балалар топпен қалдық материалдардан құс үйшігін құрастырады.<br>**Құрастыру** | **Еркін ойын:**<br>«Ертегіңнің кейіпкері»<br>Шарты: Әр бала (немесе топ) қалдық материалдардан бір кейіпкер құрастырады – мысалы: құрт, робот,үй жануары, ертегі аңдары, т.б<br>**Құрастыру** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені<br>№ | Жаттығулар кешені<br>№ | Ертеңгілік жаттығу<br>№ | Ертеңгілік жаттығу<br>№ | Ертеңгілік жаттығу<br>№ |
| **Таңғы ас** | Ас ішерде тату боп,<br>Күліп емес, сабыр боп.<br>Сөйлемейміз дастархан, | Оң қолыма қасықты,<br>Ұстаймын мен ашықты.  Ас ішемін асықпай,   Тәртіп | Нан қиқымын шашпаймын,<br>Үстелімді лас | Бет пен қолды жуамыз,<br>Су мен сабын – досымыз. | **Қазақ тілі*****<br>Қолымызды жуаық,<br>Сабындап та қояық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрмет етіп асқа жан<br>**Қазақ тілі****** | бұзбай, тасыңбай! | қылмаймын.<br>Нан – ең қасиетті ас,<br>Тәртіп сақтап ұмытпас. | Таза жүрсек әрдайым,<br>Ауырмаймыз, жайнаймыз! | Сумен шайып тазалап,<br>Қағаз сүлгі алайық! |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | **Дидактикалық ойын: «Жұпта, салыстыр!»**<br>Шарты:Педагог 2 топ зат береді (мысалы: бір топта 4 алма, екіншісінде 3 алма).Балалар заттарды бір-бірден жұптап, қай топта артық немесе кем екенін айтады. Сұрақтар қойылады: «Бұл топта нешеу?», «Қайсысында көп?», «Тең болу үшін не істеу керек?» **(Математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын: «Кімнің ізі?»**<br>Шарты:Балаларға бір із бейнеленген сурет көрсетіледі. Балалар сол іздің қай жануарға тиесілі екенін табады.Балалар қиялдап ертегі немесе қысқа әңгіме құрайды. **Көркем әдебиет** | **Дидактикалық ойын. «Кім көп біледі?»**<br>Ш/ты:Бір тал кессең-он тал ек<br>Адам көркі шүберек<br>Ағаш көркі жапырақ.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Дидактикалық ойын «Бұл не болды?»**<br>Шарты:Балаларға бейтаныс бір сурет көрсетіледі.Тәрбиеші сұрақтар қояды:<br>Бұл не деп ойлайсың?<br>Бұл зат (немесе құбылыс) не үшін керек? Бұл туралы не білесің?Бала өз ойын айтады.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Сөзді тыңда – қимылда!»**<br>Шарты: Педагог белгілі бір сөзді айтады,балалар сол сөзге сәйкес қимыл жасауы керек.<br>Жануарлар:<br>- Қоян – секіру<br>- Арыстан – ақырғандай қатты дауыстау<br>- Тырна – бір аяқпен тұру<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жыл мезгілдері» Б. Жақыптың өлеңі<br>1.Өлеңді оқи отырып, көктем туралы түсінктерін талқылау.<br>2.Жұмбақ жасыру:<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады.<br>Жауабы: (Күн)<br>3.Көктем болды балақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр жауады,<br>Бақшаға гүлдер толады.<br>4.Сурет құрастыру.<br>1.топ:Ағаштың<br>2.топ:Ұяның | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Көктем келді» сурет бойынша әңгіме<br>1. Әңгіме бойынша көктем құбылыстарын атау.<br>2.Суретпен жұмыс «Қызғалдақ»<br>3. Әңгімеге байланысты сұрақ-жауап<br>4. Сергіту сәті: «Бойды сергек тік ұста»<br>5.Дәптермен жұмыс 22бет<br>6.Ойын: «Сөздерден сөйлем құра» шарты: сурет арқылы сөздерден сөйлем құрай алады.<br>Қорытынды: Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемгі құбылыстарды ата?<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «І» дыбысы, қайталау<br>1. Шаттық шеңбер: «Кел | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2.Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі педагогінің) жоспары бойынша<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:<br>«Я»дыбысымен таныстыруды жалғастыру, қайталау.<br>1.Жұмбақ жасыру:<br>Сырт жағына зер жіппен,<br>Көз тартатын көрікпен,<br>Ою-өрнек бастырған,<br>Шалқасынан тастаған.<br>(Тақия)<br>2. Д/о: «Киімдер» шарты. Әр жыл мезгіліне сай киімдерді топтастыра алады. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы «Кім ақылды?» тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>1. Мақал-мәтел:<br>Дос ажарың, жолдас базарың.<br>2.Сурет бойынша өз ойың жеткізу.Досы туралы әңгімелеп беру.<br>3. Өлең жаттау:<br>Қуанышты қайғымен,<br>Бөлісетін адам бар.<br>Мұнайғанда тағы да,<br>Қолдаушың досын бар.<br>4. Дәптермен жұмыс 26бет<br>5.Сергіту сәті: «Біз ұшамыз, ұшамыз»<br>6.Д/о: «Досыңды сипатта» шарты: өзінің дос туралы айта алады<br>Қорытындылау:Сенің | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2. Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі педагогінің) жоспары бойынша).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Күннің құдыреті» Ж.Әбдірайұлы әңгімесі.<br>1.Жұмбақ жасыру:<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>(Күн)<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды<br>(Күннің көзі)<br>2.Күннің құдыреті әңгімесімен таныстыру.<br>3.Сұрақ-жауап.<br>4. Сергіту сәті: «Кел балақан» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.топ: Құстың<br>5. Ойын: «Өз ойыңнан жалғастыр» шарты: өз ойларын сурет арқылы толық жеткізе алады.<br>Қорытындылау:<br>Жылдың қай мезгі?<br>Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білдіңдер?<br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Көктем гүлдері. Көбею әдістері»<br>1. Шаттық шеңбер: «Күннің көзі ашылып»<br>2. Мақал оқу:<br>Қыз өссе-елдің көркі,<br>Гүл өссе-жердің көркі<br>3. Сурет бойынша бәйшешек гүлдердін жұптастыру, көбею жолын талқылау.<br>Сергіту сәті: « Көңілді күн»<br>4. Дид-қ ойын: «Екі бірдей гүлді тап»<br>Шарты:бірдей гүлдерді тауып қосады.<br>**Қорытынды:** Көктемде алғаш шығатын гүлдерді ата (бәйшешек, қызғалдақ)<br><br>**4.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Тең туралы ұғым» Топтағы әртүрлі заттардың тең мөлшерін анықтау.<br>1. Шаттық шеңбер:<br>Қолды көкке созайық,<br>Азайтайық, қосайық.<br>Сан есептің сарайын, | балалар, күлейік»<br>2. «І» дыбысы мен әрпі бар сөздерді айту.<br>Ін, ілгек, ілгіш...<br>3. Дәптермен жұмыс 36бет<br>Жұмбақ жасыру:<br>Жерден қазған үңгіп,<br>Болмас онда түндік.<br>Қауіп төнсе сырттан,<br>Зып беретін сүңгіп.<br>(Ін)<br>4. Д/о: «Буынды айтып сөз құра» шарты: сурет арқылы сөз құрастыра алады.<br>5.Сергіту сәті: «Шынығамыз жастай біз»<br>6. «І» дыбысын ауада сосын дәптерге жазу, үлгі бойынша штрихтау.<br>Қорытынды: Қандай дыбыспен таныстық?<br>**3.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Кеңістікті бағдарлау»<br>1.Шаттық шеңбер: «Ауада пішін саламыз..»<br>2.Дәптремен жұмыстана отырып, алыс-жақын, жоғары-төмен орналасқан заттарды анықтау.<br>3.Д/о:«Танып ал да, атын ата» шарты:заттың түр-түсін, пішінін, атын атау.<br>4. Дәптермен жұмыс<br>5. Сергіту сәті: «Оңға, солға»<br>6. Ойын: «Жоғарыда-төменде» шарты:жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. | 3. Тіл ұстарту:<br>Ян-ян-ян,<br>Қорқақ қоян.<br>4.Сергіту сәті: «Қанатымды жазамын»<br>5. Дәптермен жұмыс<br>-Я әрпін жазайық.<br>6.Д/ойын: Сөздерді айт. Шарты: буындардан сөздер (ауызша) құрастыру.<br>Қорытынды: Қандай дыбыспен таныстық?<br>**4.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Оң жақ, сол жақ»<br>1.Қағаз парағын алып, сол жақ, оң жағын ажырату.<br>2.-Балалар оң жағымызды көрсетейікші.<br>-Оң жағымызда не тұр?<br>-Есік<br>-Ал сол жағымызда ше?<br>-Терезе<br>3.Дәптермен жұмыс сәйкестендіру әдісі.<br>4. Сергіту сәті: «1,2,3»<br>5. Д/о: «Кілемшедегі пішіндер» шарты: кілемшедегі пішіндерді атап көрсете алады<br>Қорытынды: Әр суреттің оң жағында және сол жағында тұрған затты қоршап сыз. | досың қандай?<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: «З» дыбысымен танысу.<br>1.Шаттық шеңбері: Қайырлы күн !<br>2. Жұмбақ<br>Бітімі, тұрқы<br>Аумаған жылқы.<br>Мәйкесі жолақ,<br>Айыбы сол-ақ (зебра)<br>3.Дәптермен жұмыс.<br>-З дыбысын ауада жазу;<br>-З дыбысын жалғастырып жазу.<br>4.Сергіту сәті: Мойнымызды бұрамыз.<br>5.Шарты: «з» әрпін бастырып жазып, буындардан сөздер құрастыру.<br>Қорытынды: Суреттегі заттарды ата. «з» дыбысынан келетін заттарды қорша.<br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тақырыбы: «Менің елімнің салт-дәстүрі»<br>1. Шаттық шеңбер «Қуанамын, күлемін»<br>2. Мақал оқу:<br>Атадан бала туар, ата жолын қуар.<br>3. Салт-дәстүр туралы демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>Е. Өтетілеуұлының «Тәй-тәй» өлеңін оқу. | 5.Дидакт/ойын: «Төртіншісі артық» Шарты: қияр, сәбіз,қызанақ алма-Не артық? (Алма-жеміс)<br>Қорытынды: Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын айтады.<br>**4.Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кәне бірге ашайық.<br>2.Заттар тобын салыстыру.Теңестіру.<br>3.Дид-қ ойын: «Дұрысын тап»<br>Шарты: сурет арқылы теңістіре алады.<br>4.Сергіту сәті: «Алақанды ұрайық»<br>5.Дәптермен жұмыс 31бет<br>Қорытынды: әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықта. | Қорытынды:Жоғарда не ілулі тұр?<br>Төменде не бар? | | Сергіту сәті: « Көңілді күн»<br>4. Дид-қ ойын: «Ұлттық киімдер» шарты: ұлттық киімдердің өзіне тән ерекшеліктерін атай алады.<br>Қорытындылау: Қандай салт-дәстүрлерді білеміз?<br>**4.Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | |
| **2-ші таңғы ас** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Ауа райына сай киінулерін қадағалау. | Құралдар мен спорттық жабдықтарды дұрыс қолдану туралы әңгіме. | Серуенге киіну ережесін айту, шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Серуенге киіну ережесін айту, баскиімдерінің құлақшынын байлауды үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Серуенге киіну ережесін айту, бір- біріне көмектесе білуге үйрету<br>(Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) |
| **Серуен** | Картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | Картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | Картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | Картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | Картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді қалыптастыру | Киімдерін шкафқа орналастыруды үйрету | Қолдарын сабынмен жуғызу, қол орамалды қолдануға үйрету. | **Үнемді тұтыну:**<br>Ойыншықтарды ұқыпты ұстауды, жинақы ұстауға үйрету. | Күртелерін ілмешегінен ілгізіп, қолғаптарын кептіру. |
| **Түскі ас** | Қасық, шанышқы – досымыз,<br>Әдепті бала болғымыз.<br>Оң қолға ұстай білеміз,<br>Тәртіппен тамақ ішеміз! | Сәбіз жесек бойымыз,<br>Керікке де жетеді!<br>Дәрумендер себебі,<br>Күшті болуға етеді. | Асханадан шықпаймын,<br>Атым – пияз, бұқпаймын.<br>Көзден жас шығады,<br>Ауруға жол жабады! | Нан қоқымын шашпаймыз,<br>Үнеммен тамақ жейміз.<br>Асықпай ішем тамағым,<br>Тәртіпті бала боламын! | Ас ішерде жу қолың,<br>Таза болсын әр қадам.<br>Досың болсын тазалық,<br>Тәрбие – ол сәлемім! |
| **Күндізгі ұйқы** | «Көктем сәні » ертегісін оқып беру | **Музыка***** «Құлыншағым» әнін тыңдап, балаларды | «Арыстан мен түлкі» ертегілерін оқып беру | «Бір уыс мақта» ертегісін оқып беру**.** | «Әлди-әлди» әндерін қосып, балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйықтату | | | ұйықтату. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шара** | Ояну кешені № | Ояну кешені № | Ояну кешені № | Ояну кешені № | Ояну кешені № |
| **Бесін ас** | Таза қолмен отырам,<br>Үстелге жақын тұтынам.<br>Асымды мен төкпей жеп,<br>Тәртіпті бала атанам! | Оң қолыма қасығымды,<br>Ұстаймын мен асықпай.<br>Тәрелкеме төкпей құйып,<br>Ішемін мен ақырын жай. | Ас алдында жуамыз,<br>Таза сумен қолымыз.<br>Сабындап та жуамыз,<br>Тазалықты қолдаймыз! | Тәтті тамақ, дәмді ас,<br>Ішіп алдық көңіл аш.<br>Аспаз апай, рақмет!<br>Сізге бүгін мың алғыс! | Ас ішерде ойнамай,<br>Тәрелкеме төкпей жеймін.<br>Ас қадірін білетін,<br>Тәртіпті бала мендеймін! |
| **Балалардыңдербесіс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Д/ойын: «Сурет сөйлейді»**<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бір иллюстрацияны көрсетеді (мысалы: орманда жүрген түлкі, ұшып бара жатқан құс, гүл теріп жүрген қыз т.б.).Балаларға мынадай сұрақтар қойылады:<br>- Бұл суретте не көріп тұрсыңдар?<br>- Бұл кейіпкер қайда бара жатыр деп ойлайсың?<br>- Оқиға қайда болған?<br>- Ертегі құрастырып көрейікші..Балалар суретке қарап отырып өз ойынан ертегі не шағын әңгіме құрайды.<br>**(Көркем әдебиет)**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>«Менің отбасым»<br>**Шарты:**Балалар суреттерді таңдап, кім екенін атайды. «Бұл кім? Үйде не істейді? Балалар өз отбасындағы үлкендердің рөлін айтып береді.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Компьютерлік** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Мен кіммін?»**<br>Д/ ойын: «Нанды қастерле»<br>Шарты:<br>- Тәрбиеші: «Нан қайдан келеді? Алдымен не болады?» – деп сұрайды. Балалар суреттерді тізбектеп қояды,ретімен айтып, нанға деген құрмет жайында шағын әңгіме құрастырады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Санамақ дорбасы»<br>Шарты:Балаларға әртүрлі биіктіктегі мұнаралар көрсетіледі.<br>- «Қайсысы биік? Қайсысы аласа?» сұрақтары қойылады.<br>- Балалар өздері мұнара құрап, биіктіктерін салыстырады. (**Математика негіздері)**<br>**«Теннис»** үйірмесі<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Сөздік ойын:**<br>«Бағдаршамға бағын»<br>Шарты:Балалар жаяу жүргінші,жүргізуші рөлінде ойнайды. Тәрбиеші бағдаршам түсін көрсетеді:<br>Қызыл тоқтау, сары дайындалу, жасыл жүру.<br>«Қай кезде өтуге болады?», «Көшеде не істеуге болмайды?» деген сұрақтар қойылады.<br>**Математика негіздері**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қай фигура қалай?»<br>Шарты:Балалар фигураларды алып салыстырады: «Бұл фигура ұзын ба?», «Мынау жіңішке ме?»<br>- Бір-біріне ұқсас фигураларды табу, топтау.Ұзындығы мен енін атау.<br>**Үнемді тұтыну**<br>Балаларға сурет арқылы табиғи ресустарға ұқыпты | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қай зат қайда жатады?»<br>Шарты:Тәрбиеші әр балаға бір заттың суретін береді.Балалар сол затты тиісті орнына апарып жапсырады немесе орналастырады.Әр заттың иесі кім екенін айтып, мысалы.«Ыдысты анам жуады», «Кітапты апай береді» – деп еңбекті бағалау дағдысы дамиды.<br>**Математика негіздері**<br>Д\О: «Кеше, бүгін, ертең»<br>Шарты:Педагог әр түрлі әрекет суреттерін көрсетіп:«Бұл не істеп жатыр?»,«Кеше не істедің?», «Бүгін ше?», «Ертең не істейсің?» – деген сұрақтар қояды.<br>- Балалар сөйлем құрастырып жауап береді.<br>**Компьютерлік сауаттылыққа үйрету**<br>«Компьютерлік әлемі» | **Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Ертең не болады?»<br>**Ш/ты:**Тәрбиеші бүгін не істегеніміз туралы әңгімелеседі. Содан кейін балаларға: «Ертең біз не істейміз?», «Егер ертең күн жаңбырлы болса ше?» – деген сұрақтар қойылады.Балалар болашақты болжауға тырысады, күн тәртібіне байланысты суреттерді реттеп орналастырады.<br>**Математика негіздері**<br>**Д\о**: «Күн тәртібін реттейік!»<br>Шарты**:** Педагог балаларға түрлі суреттерді ұсынады (таңертеңгі ас, түскі ұйқы, кешкі серуен, кешкі ұйқы және т.б.).Балалар суреттерді қарап, олардың тәулік қай бөлігінде орындалатынын айтады<br>**«Кел билейік»**<br>Би жетекшісінің жоспары бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сауаттылыққа үйрету** «Компьютерлік әлемі» Компьютерлік сауаттылыққа үйрету(пән мұғалімінің жоспары бойынша) **«Теннис»** үйірмесі (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) | | қарау туралы әңгімелеу. **Музыка***** «Бозжорға» әнін жаттау. | Компьютерлік сауаттылыққа үйрету (пән мұғалімінің жоспары бойынша) **«Кел билейік»** Би жетекшісінің жоспары бойынша | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Темірланға үйрету. Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі. Ибрахим,Нұрислам | Аруға үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды дамыту. (Қазақ тілі ****) Алдияр,Дінмұхаммед | Данельмен жеке жұмыс. Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыруға дағдыландыру. Айлин,Ралина | Бахтиярмен жеке жұмыс. Геометриялық фигураларды ажыратуға, оларды ою-өрнектермен безендіруге ынталандыру. Мадияр,Жанарыс | Амремен жұмыс. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге жаттықтыру. Султан.Шыңғыс |
| **Серуенге дайындық** | Ауа райына сай киінулерін қадағалау. | Құралдар мен спорттық жабдықтарды дұрыс қолдану туралы әңгіме. | Киіну: Бас киімдерін кигізу, серуенге шығару. | Киіну: Сыртқа киетін киімдерін кигізу, серуенге шығару. | Киіну: Сыртқа киетін киімдерін кигізу, серуенге шығару. |
| **Серуен** | **Қимылды ойын:** «Қай затты іздеймін?» Шарты: Балалар шеңберде тұрады немесе музыкамен еркін қозғалады. Тәрбиеші дауыстап айтады:«Б» дыбысынан басталатын затты тауып әкел! (мысалы: бәтеңке)Немесе: «Ыдыс тобына жататын затты тап!» **(Дене тәрбиесі**)** | **Ұлттық ойын: «Асық ату»** Балалар шеңбер бойына отырады. Ортаға бірнеше асық тігіледі.Әр бала кезекпен «сақа» атып, тігілген асықтарды құлатуға тырысады. Құлатқан асықты өзіне алады. Кім көп асық жинаса – сол жеңімпаз.» **(Дене тәрбиесі**)** | **Дене тәрбиесі** Қимылды ойын:** «Дыбыстан қаш!» Шарты: Тәрбиеші сөздер айтады: Егер сөз «С» дыбысынан басталса – балалар отырып қалуы керек Басқа дыбыстар болса – жүруді жалғастырады | **Дене тәрбиесі** Қимылды ойын:** «Бес тас» Шарты:Балалар кезекпен 5 тасты алақанына салып, жерге төгеді. | **Дене тәрбиесі** Қимылды ойын:** **«**Көктем келді!» Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші: «Балалар, көктем келді! Айнала ояна бастады. Қане, көктемнің белгілерін табайық!» дейді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут** "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; | **Өнегелі 15 минут** «Балам жақсы болсын десеңіз..» Бала ата-әжесінің өнегелі әңгімелерін тыңдау. | **Өнегелі 15 минут** Үйде ертегі кітап оқып беруге кеңес беру. | **Өнегелі 15 минут** Балалардың қол моторикасын дамыту. | **Өнегелі 15 минут** Баланың басқа балалармен тіл табысу, кезек күту |

Тәрбиеші: Мектепқалиева Ж.